

## Қазақстан Республикасынан шығарылатын тауардың шығу тегін анықтау жөніндегі нұсқауды бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет Мемстандарт төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1684. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрінің 2008 жылғы 24 қыркүйектегі N 374 Бұйрығымен.

***Күші жойылды - ҚР Индустрія және сауда министрінің 2008.09.24 N 374 Бұйрығымен.***

----- *Бұйрықтан үзінді -----*

**"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 11-1)-тар мағына сәйкес** **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . . . .

2. "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауардың шыққан елін айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығының күші жойылды деп танылсын ( Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2001 жылғы 30 қарашада N 1684 нөмірмен тіркелінген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2002 жылғы N 4, 5 3 5 - құжат) .

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Министр**

**B. Школьник**

2000 жылғы 30 қарашада қабылданған тауарлардың шығу тегін анықтау ережесі жөніндегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтерінің басшылары Кеңесінің шешімін орындау мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН :**

1. Қосымша берілген Қазақстан Республикасынан шығарылатын тауардың шығу тегін анықтау жөніндегі нұсқауы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Стандарттау

, метрология және сертификаттау басқармасы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Респубикалық мемлекеттік "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" кәсіпорыны: 1) Қазақстан Республикасынан шығарылатын тауардың шығу тегін анықтау жөніндегі нұсқаудың бекітілуі жайлыш ақпаратты жарияласын ; 2) осы бұйрықтың жариялануын және таратылуын қамтамасыз етсін. 4. Осы бұйрық Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген уақыттан бастап қүшіне енеді. Төраға Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі Экономика және сауда министрлігі келісілген Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі 2001 ж. 27 қараша комитетінің 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасынан әкетілетін Тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) тауар шығарылған елді анықтаудың, тауардың шығу тегі туралы сертификатты куәландырудың тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің тауардың шығу тегі туралы сертификат беруге және куәлендіруге уәкілетті Мемлекеттік органдары (бұдан былай - "уәкілетті орган") және Қазақстан Республикасының аумағында тауардың шығу тегіне сараптау жүргізуді ұйымдастыруға уәкілетті және Қазақстан Республикасы аумағынан тауарлардың экспортты мен реэкспорттын жүзеге асыратын субъектілер, оның ішінде еркін кеден аймағы және еркін қ о й м а л а р ү ш і н м і н д е т т і .

3. Осы Нұсқаулықта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қ о л д а н ы л д ы :

1) Тауар - шекара кеденінен өткізілетін кез-келген жылжымалы мұлік, оның ішінде жылу, электр, энергияның басқа түрлері және (халықаралық тауарлар мен жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарынан басқа) көлік қ ұ р а л д а р ы ;

2) Тауар шыққан ел - тауар толық қайта өндірілген немесе жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткен - мемлекет;

3) "жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу" критериі - осы критерииге сәйкес тауар өндірісі кезінде екі не одан да көп ел қатысатын және тауарға жеткілікті өзіндік сипаттама беру үшін соңғы қайта өңдеуден/елеулі қайта өңдеуден өткен елден шыққан болып саналатын критерий;

"Жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу" критериін қолдану тауарды дәйекті қайта өңдеу кезінде тауардың шығу тегіне сәйкес шыққан жердің кумулятивтік принципін қолдануға болатын мемлекеттерде - Келісімге қатысушы

мемлекеттерде тауардың ақырғы дайындалған елі бойынша анықталады;

4) Тауардың шығу тегі туралы сертификат - белгіленген тәртіппен берілген, тауардың шыққан елін бірмәнді күәландыратын, уәкілетті мемлекеттік орган берген құжат;

5) Кедендік бақылау - Қазақстан Республикасындағы халықаралық келісім-шарттардың сақталуын және кеден істері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын қадағалауды қамтамасыз ету мақсатындағы Қазақстан Республикасының кеден органдарымен жүзеге асырылатын шаралардың жиынтығы, Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелгендердің орындалуын бақылау;

6) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметтерінің тауарлық номенклатуrasesы (бұдан әрі - ТМД СЭК ТН) өндөу дәрежесі бойынша (шикізат, шалаөнімдер, дайын өнімдер) және шығу тегін тану бойынша топқа және бөлімдерге біріктірілген тауарлардың жүйелі тізбесі. ТМД СЭК ТН Еуропалық Қоғамдастықтың (ЕЭҚ БН) құрамдастырылған номенклатуrasesын Үйлестіру жүйесінің негізінде Қазақстан Республикасында қолданылатын сыртқы экономикалық қызметтің Тауарлық номенклатуrasesы (СЭК ТН);

7) өтініш беруші - тауардың шыққан жері туралы сертификатты алуға мүдделі , заңды немесе жеке тұлға;

8) пұрсаттылық - барлық немесе кейбір жеке елдердің тауарларына белгіленген мемлекеттік женілдіктері кедендік баж, ал ол женілдіктер басқа елдердің тауарларына таралмайды;

9) экспорт - отандық не болмаса шетелден бұрын әкелінгендерді елден әкету және оларды сыртқырынокта сату үшін қайта өндөуді қажет ететін тауарларды елден әкету;

10) тауар реэкспорты - шетелден әкелінген тауарларды, оларды өндөусіз елден шығару;

11) ретроспективті берілген - кейіннен берілген;

12) "адвалорлық үлес" - пайдаланылған материалдар құнының пайыздық үлесі немесе жеткізілетін тауардың франко-зауыт бағасына қосылған құнының бекітілген шегі;

13) франко-зауыт бағасы - бұл өнімді экспортқа шығару кезінде төленетін кез-келген ішкі салықтарды қоспай отырып тауарды шығарған кезде пайдаланылған барлық тауардың құнын қосатын баға;

14) коносамент - теңіз тасымалының шарты бар және оны ұстаушыға жүкті иемденуге құқық беретін жөнелтпе құжат. Жүкті тасымалдауға қабылдағаннан кейін, тасымалдаушы жөнелтушіге береді, ол жүктің қабылданғанын дәлелдейді және шарттың бекітілген фактісін күәландырады.

## 2. Тауардың шығу тегі туралы сертификат

4. Тауар шыққан ел, арнаулы бланкте ресімделген, қорғау дәрежесі бар және белгіленген тәртіп бойынша бекітілген, тауардың шығарылған жері туралы сертификат пен күзінде жағдайларда ұсынылады.

5. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды мемлекеттік уәкілетті орган толтырады және осы Нұсқаулықтың 4-бабына сәйкес ресімделеді.

6. Тауардың шығу тегі туралы сертификат импорттаушы елдің кеден органдарына мына жағдайларда ұсынылады, егер оның бұл ұлттық заңнамалармен және оның халықаралық міндеттерімен қарастырылса.

7. Тауардың шығу тегі туралы сертификат сол жүкті жіберуші мен жүкті алушының бір немесе бірнеше көліктік құрал-жабдықтармен іске асырып жеткізетін тауарлардың әрқайсысына жекелеп ресімделеді.

8. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды дайындау мына нысандар бойынша жүзеге асырылады:

1) СТ-1 сертификат нысаны Қазақстан Республикасынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД) елдеріне шығарылатын тауарларға;

2) "A" сертификат нысаны Еуропа Қоғамдастығы елдеріне және оларға қосылатын: Австралия, Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Голландия, Греция, Дания, Испания, Италия, Ирландия, Канада, Люксембург, Жаңа Зеландия, Норвегия, Португалия, АҚШ, Финляндия, Франция, Швейцария, Швеция елдеріне арналған тауарларға;

3) "Тұнұсқа" сертификатының нысаны ТМД және Еуропалық Қоғамдастық құрамына кірмейтін елдерден әкелінетін тауарларға арналған.

9. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың нысаны: СТ-1, "A", "Тұнұсқа" және олардың көшірмелері қағаздың сапасы және көлемі бойынша белгіленген мына талаптарға жауап беруі керек:

1) сертификат бланкісінің көлемі 210x297 мм. болуы керек, сонымен қатар, көбірек жағына 5 мм ауытқуына немесе аз жаққа 8 мм ауытқуына болады. Пайдаланылатын қағазда механикалық целлюлоза болмауы керек, 1 м<sup>2</sup> салмағы 25 г/м кем болмайтын жазатын жапсырылған ақ қағаз болуы керек;

2) сертификат бланкісі басылған, түсті гильотировкалы: "A" нысаны - жасыл, СТ-1 нысаны және "Тұнұсқа" - көгілдір, тауардың шығу тегі сертификатының көшірмесі "Тұнұсқа" нысаны - кез-келген химиялық немесе механикалық тәсілмен жасанды көшірме екендігін анықтауға мүмкіндік беретін жасыл болуы керек.

10. Тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сараптау жұмыстарына байланысты жұмыстар келісім-шарт негізінде, осы Нұсқаулықтың 22-тармағында

көрсетілген тізбеке және құжаттардың пакетін ұсынған өтінім берушінің өтінімі негіздемесінде жүргізіледі.

### 3. Тауар шығарылған елді анықтаудың ресімі

11. Тауар шығарылған елді анықтау үшін мынадай белгілер болуы керек: тауар толық қазақстаннан шыққан, "жеткілікті өнделген/қайта өнделген" критерий есебі бойынша қазақстаннан шыққан немесе қазақстаннан шықпаған тауар.

12. Мына тауарлар толық Қазақстан Республикасынан шыққан деп саналады:

1) Қазақстан Республикасы аумағында немесе оның су аумақтарынан, оның құрлықтық қайрандарынан және теңіз қойнауларынан алынған пайдалы қазбалар;

2) оның аумағында өсірілген және жиналған өсімдік өнімдері;

3) Қазақстан Республикасында туылған және өсірілген тірі жануарлар;

4) Қазақстан Республикасында өсірілген жануарлардан алынған өнімдер;

5) Қазақстан Республикасында аңшылық, балық аулау, теңіз кәсіпшілігі арқылы алынған өнімдер;

6) Қазақстан Республикасының кемелерімен немесе оның жалға алынған кемелерімен (кіреге алынған) Дүниежүзілік мұхиттан алынған теңіз кәсіпшілігіндегі өнімдері;

7) Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын өндірістік және басқа операциялардың нәтижесі болып табылатын қайталама шикізат пен қалдықтар, сондай-ақ бұрын қолданған өнімдер, осы елде жиналған және тек қана шикізат қалпында ұқсатуға жарамдылар;

8) Қазақстан Республикасының немесе жалға алынған космостық кемелерімен ашық космоста алынған жоғары технологиялық өнімдер;

9) тек қана 12-тармақтың 1)-8) тармақшаларында ескертілген өнімдер, Қазақстан Республикасында шығарылған тауарлар.

13. Тауар шығарылған кезде екі не одан көп ел қатысса, тауардың шығарылған жері "өнделген/жеткілікті қайта өнделген" критериіне сәйкес анықталады.

"Өнделген/жеткілікті қайта өнделгеннің" критерилері былай болуы мүмкін:

1) өндеудің/қайта өндеудің нәтижесінде болған ең болмағанда алдыңғы 4 белгінің біреуінің деңгейінде СЭК ТН жөніндегі тауарлық айқындаманың өзгеруі; 2) өндірістік және технологиялық операциялардың қажетті шарттарын орындау арқылы тауарды осындай операциялары болған елден шыққан деп санауға жеткілікті болуы; 3) пайдаланылатын материалдардың құны немесе қосылған құнның соңғы өнім бағасының бекітілген пайыздық үлесіне жеткен кездегі "

адвалорлық үлесінің" ережесі. Тауарды өндіру кезіндегі адвалорлық үлестің есебі мына формула бойынша жүргізіледі: С шетел мат. Адв.үлестің д. = ----- x 100%, (1) С дайын өнімдер онда Д адв.үлес - өндірілетін тауардың адвалорлық үлесі, %; С шетел мат. - шетелден шыққан шикізаттар мен материалдардың құны; С дайын өнімдер - франко-зауыт бағасы бойынша дайын өнімдердің құны.

14. Жеткілікті өндеуді/қайта өндеудің негізгі критері СЭК ТН бойынша тауарлық айқындааманың ең болмағанда алдыңғы 4 белгісінің біреуінің деңгейінде өзгеруі болып табылады; ол өндірістік және технологиялық операциялар шартының тізбесіне кіргізілген және осындай операциялары болған елден шыққан деп саналатын тауарлардан басқа барлық тауарларға қолданылады .

Осы тізбеке, берілген шарттардың біреуі ретінде адвалорлық үлестің ережесі қалай өздігінен енгізілсе, тауардың жеткілікті өнделген/қайта өнделген басқа критерилерінің тіркесімен де солай енгізілуі мүмкін.

Өндірістік және технологиялық операциялар шартының тізбесі тауарлар шығарылған елді анықтаудың Ережелері туралы 2000 жылдың 30 қарашасындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметі басшылары Кеңесінің Шешімімен бекітілген "Тауарлар шығарылған елді анықтаудың Ережелерінде" және N 12/97 толықтырулармен Еуропалық Экономикалық Қоғамдастықтың N 2454/93 Нұсқаулығында келтірілген.

15. Сонымен "өндеу/жеткілікті қайта өндеу" критериіне мыналар жауап бермейтін болып саналады :

1) өнімдерді сақтаған және тасыған кезде олардың жақсы күйде сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар (желдету, шашпау, кептіру, суыту, тұз ерітіндісіне, күкіртті натрийге немесе басқа су ерітінділеріне салу, бұзылған бөліктерін алып тастау және осындай операциялар);

2) кірден тазарту, елеу немесе іріктеу, сыныптандыру немесе іріктеп алу сияқты жай операциялар (бұйымдар жиынтығын, жууды, бояуды, қиоды қоса);

3) бумаларды өзгерту және партияларды бөлектеу және үлкейту, шыныларға, флягтарға, қаптарға, қораптарға немесе жәшіктерге салу карточкаларға, тақтаға немесе басқа заттарға бекітудің және басқа бума операцияларының түрлері;

4) заттаңбаларды (этикеткаларды), затбелгілерді (ярлыктарды) және тауарларға немесе бумаларға арналған осындай айырмалық белгілерді жапсыру;

5) өнімдердің бір немесе бірнеше түрлерін жай араластыру;

6) дайын өнім алу үшін бөліктерді жай жинау;

7) өнімнің бастапқы құрамынан елеулі айырмашылығы бар алынған өнімдерге сипаттама бермей-ақ тауарларды (компоненттерін) араластыру;

8 ) м а л с о ю ;

9) жоғарыда көрсетілген екі немесе бірнеше операцияларды үйлестіру.

16. "Өндөлу/жеткілікті қайта өндөлу" критеріи адвалорлық үлес арқылы көрсетілген жағдайда, құн көрсеткіші былай есептеледі:

1) импортқа шығарылатын материалдар үшін - Қазақстан Республикасының кедендейтін заңнамасына сәйкес белгіленген кедендейтін құнынан немесе егер олардың шыққан жері белгісіз болған жағдайда Қазақстан Республикасында белгіленген баға бойынша алғаш сатуға;

2) дайын тауар үшін - франко-зауыт бағасы бойынша.

17. Өндірістік немесе транспорттық жағдайларға байланысты, мекен-жайы дұрыс болмағанда, бірнеше партиямен жеткізіліп берілетін бөлшектенген немесе жиналмаған заттарды жеке партиямен жөнелтуі мүмкін болмағанда, ол импортшының тілегі бойынша, шығарылған жерді анықтау тұрғысынан біртұтас зат болып қаралуы көрек.

Осы ережелерді қолдану шарттары:

1) бөлшектенген немесе жиналмаған тауарды бірнеше партияға бөлу туралы, оларды бөлудің себебін көрсете отырып, әр партияның толық айрықшылығын ТН СЭҚ байланыстыра отырып, әр партияға кіретін тауарлар шыққан елді және оның құны туралы алдын-ала әкелім кеденін хабардар етуі;

2) бір елден шыққан барлық партияны бір экспортшының жеткізіп беруі;

3) барлық партияны бір кеден арқылы енгізуі;

4) бірінші жөнелткен күннен кейінгі 6 ай ішіндегі мерзімде тауардың барлық партиясын жеткізіп беруі болып табылады.

18. Тауар шыққан елді анықтаған кезде осы тауарларды шығару үшін пайдаланылатын жылу және электр энергиясы, машиналар, құрал-жабдықтар және саймандар деп есепке алынбайды.

Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жұмыс істеп тұрған электр станцияларымен экспортталатын электр энергиясы толығымен қазақстаннан шығарылған деп есептеледі.

Машиналарда, жабдықтарда, аппараттарда немесе көлік құралдарында қолдануға арналған бейімделу, керек-жарақтар, қосалқы бөліктер және құрал-саймандар, машиналар, жабдықтар, аппараттар мен осы бейімделу, керек-жарақтар, қосалқы бөліктер және құралдар жоғарыда аталған машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бір жинақталымда осы құрылғы санында жеткізілетін болса онда олар көлік құралдары жасалынған елден шыққан деп саналады.

Кедендейтін аумақта енгізілетін тауардың бұмасы тауардан бөлек мағлұмдамадан өтуге тиісті болатын жағдайлардан басқа жағдайларда сол тауар шыққан елден болып саналады.

19. Егер тауар осы нұсқауда белгіленген шығу тегі критерийлеріне сәйкес келсе, онда экспортқа шығарған елде шыққан болып саналады, сондай-ақ

Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен тіркелген жеке тұлғалардан, фирмалардан, кәсіпорындардан тікелей сатып алынады және тура жөнелту жолымен импортқа шығарылады.

Тікелей жөнелту талаптарына экономикалық немесе техникалық, транспорттық, географиялық себептердің әсер етуі салдарынан бір немесе бірнеше елдің аумағы арқылы тасымалданатын тауарлар, сондай-ақ осы елдердің аумағына уақытша әкелу немесе жинақтау шарты бойынша осы уақыттың ішінде транзит елінің кеден бақылауында болатын барлық тауарлар, сондай-ақ экспортқа шығарушы елден немесе елдер қоғамдастығынан басқа елдің аумағы бойынша тоқтаусыз құбыр арқылы тасымалданатын өнімдер жауап береді.

Одан басқа, тікелей жөнелту ережесіне, импортшының көрмелерде немесе жәрмеңкелерде сатып алынған, тек көрмелерге қою мақсатынан басқа жағдайларда пайдаланылмаған және кеден бақылауында болған тауарлар жауап береді.

20. Тауардың шығу тегін сараптау өтінім тіркелген сәттен бастап 4 жұмыс күн ішінде сараптауды жүргізуге уәкілетті ұйым арқылы жүзеге асырылады.

21. Тауардың шығу тегін сараптауға кіретіндер:

1) 22-тармаққа сәйкес ұсынылған сараптау құжаттары;  
2) қажет болған жағдайда тауардың тұрған жеріне шығу арқылы тауарлардың сыртқы белгілері бойынша сәйкестендіру (атауы, типі, таңбалауы, бұмасы, класы, сапасы, дайындаушы-кәсіпорны);

3) жеткілікті қайта өндеу критериін белгілеу және тауардың қосылған құнын анықтау мақсатында тауарды шығару кезіндегі технологиялық процесстін сараптау;

4) егер тауарды басқа жолмен сәйкестендіру мүмкін болмаса, онда зертханалық сынау және зерттеу.

Сараптаудың қорытындысы тауардың шығу тегі туралы сертификатты дайындауға арналған Сараптау актісімен нысандалады (1-қосымша).

22. Сараптауды жүргізу үшін өтініммен қоса (2-қосымша) тауардың шығу тегін растайтын құжаттар ұсынылады. Қажетті құжаттардың ең аз тізбелерін сарапшы төменде берілген құжаттардың ішінен анықтайды:

1) өтініш берушінің заңдық мәртебесін қуаттайтын құжат (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға білімі жоқ заңды тұлға-төлқұжат, жеке күзілік, патент);

2) экспорт шартының түпнұсқасы және көшірмесі;

3) шот-фактураның түпнұсқасы және көшірмесі немесе тауарға арналған инвойс;

4) тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың түпнұсқасы және көшірмесі (тауар шығарушымен немесе тауар сатып алуға шарт, жөнелтпе құжат,

шот-фактурасы, қажет болған жағдайда тауарды тасымалдау туралы құжат);

5) қызмет ету түрлеріне арналған лицензияның түпнұсқасы және көшірмесі;

6) "қайта өндеу/жеткілікті қайта өндеу" критерийін анықтауға арналған құжаттар: (экспортталағын тауарларды өндіруде қолданылатын шикізат пен компоненттерінің құны, шикізат жеткізуғе арналған шарт, шоттар, төлем тапсырмалары, транспорт және басқа жүк құжаттары; тауар сәйкестендіріліп шығарылған нормативтік және технологиялық құжаттар; шетел компонентінің немесе қолданылатын шикізаттың құны есебіндегі тауардың өзіндік құнын есептеу, шығынның калькуляциясы, қосылған құн);

7) егер экспортқа шығарылатын тауар малдан шыққан өнімдер болса, ветеринарлық қуәлік, ал су және теңізден шығарылса сол кәсіпкерліктің қуәлігі;

8) егер экспортқа шығатын тауар өсімдікten шығарылған болса, онда фитосанитарлық сертификат;

9) қоймада бар тауардың саны туралы қойма анықтамасы, қойманың мекен - жаһы;

#### 10) сенімхат.

23. Қажет болғанда тауар шыққан елді анықтау жөніндегі сараптауды жүргізуғе уәкілетті ұйым мына құжаттарды сұрата алады:

1) материалдардың, шикі заттардың шығу тегін күеландыратын рұқсат қағаздарының, лицензиялардың, құжаттар жиынтығының түпнұсқасы және келісім-шарттың (шарттың) көшірмесін;

2) егер тауардың шығу тегін зертханалық сынау және зерттеусіз анықтау мүмкін болмаған жағдайда аккредиттелген сынау зертханалары берген сынау хаттамасын, сондай-ақ тауардың шығу тегін растайтын басқа құжаттарды.

Құжаттардың түпнұсқасы көшірмесімен сәйкестендірілген соң өтініш берушіге қайтарылады.

24. Осы Нұсқаулыққа сәйкес сараптау нәтижесі бойынша тауардың шығу тегі туралы мынадай қорытынды беріледі:

1) толық қазақстанда шығарылғандығы;

2) "өнделген/жеткілікті қайта өнделген" критерийі бойынша қазақстанда шығарылғандығы;

3) қазақстанда шығарылмағандығы немесе шығарылған елінің анықталмадығы.

25. Сараптауды жүргізуғе және сараптаудың қорытындысына аттестатталған және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің Тізіліміне стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен кіргізілген сараптаушы ғана қол қоюға құқы бар.

26. Толық қазақстан тауарларынан (шикізаттар, материалдар, өнімдер)

дайындалған тауарлардың шыққан жерін анықтау кезде, тауардың шыққан жері туралы сертификатты ресімдеу үшін сараптау актісінде төмендегілерді көрсету

қ а ж е т :

- 1) дайындалған тауардың технологиялық процесін (техникалық шарттарын, технологиялық нұсқауларын);
- 2) жеткізіп берушілердің тауарды өндірген кездегі пайдаланған шикізаттары мен компоненттерін;
- 3) сатып алынған шикізаттар мен компоненттерге ақша төленгендігі туралы құжаттың (атау, нөмірі) бар екендігін.

27. Тауардың шығарылған жерін "өнделген/жеткілікті қайта өнделген" (немесе өндеу/қайта өндеу процесінің жеткіліксіз) критері есебінен анықтаған кезде, тауардың шығарылған жері туралы сертификатты ресімдеу үшін, сараптау актісінде, тауар қазақстаннан шығуы мүмкін (немесе мүмкін емес) деп сыйыптандырылған қорытынды жасалады. 28. Тауарды реэкспорттау кезінде оның Қазақстан Республикасына келіп түскендігін растайтын құжат ұсынылады (тауардың шыққан жері туралы сертификат, жүк кеденінің декларациясы, тауарлық-транспорттық немесе басқа тауарға ілеспелі құжаттар). 4. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды ресімдеудің және куәландырудың тәртібі 29. Тауардың шығу тегі туралы сертификаты мемлекеттік уәкілетті органмен 2 жұмыс күннің ішінде мыналардың негізінде: 1) өтінім (3-қосымша); 2) тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеуге арналған сараптау актісі; 3) осы нұсқаудың 22-тармағына сәйкес өтінішкердің сараптауға берген құжаттары; 4) тауардың шығу тегін растайтын басқа құжаттар ресімделеді және

куәландырылады.

30. Толық Қазақстан Республикасында өндірілген немесе "өнделген/жеткілікті қайта өндеуден" откен экспортқа шығарылатын тауарларға тауардың шығу тегі туралы сертификат ресімделеді.

31. Тауардың шығу тегі туралы сертификат 40-43 тармақтарда жазылған тәртіпке сәйкес міндетті түрде компьютерде толтырылуы керек және өтінішкердің, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның қолы қойылып, куәландырылады.

32. Тауардың шығу тегі туралы сертификат 2 данада ресімделеді: түпнұсқа және оның көшірмесі белгіленген үлгі бойынша ресімделуі керек. Сертификаттың түпнұсқасы өтініш берушіге беріледі, ал көшірмесі сертификатты беруші уәкілетті мемлекеттік органда сақталады.

Өтінішкердің талабы бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бланкіде сертификат көшірмесінің оған қажетті санын береді. Бланк көшірмесінің дербес бағанында "Қызметтік белгі үшін" немесе "Қосымша мәліметтер" бағанына: "Көшірмесі дұрыс" деген уәкілетті тұлғаның қолы, көшірменің берілген күні

33. Толтырылған сертификаттың бос бағандарына (СТ-1 нысанының 6, 7, 8, 9, 10-бағандары; "А" нысанының - 5, 6, 7, 8, 9, 10-бағандарында; "Тұпнұсқа" нысанының - 7, 8, 9, 10 бағандарында) оны куәландырған соң қосымша жазулар жазылmas үшін қолдан ("Z" таңбасымен) сзыу керек.

34. Сертификатта өшіру, былғау және расталмаған түзетулер болмауы керек. Егер сертификаттағы мәліметтер өзгертілсе бұрын берілген сертификатты өтініш беруші қайтарғаннан соң, оған жаңаны беру кезінде негіздеме ретінде тігілетін және жойылатын, сондай-ақ осы өзгертулерді растайтын қажетті құжаттары бар болғанда ғана жаңа сертификат беріледі. Сертификаттың "А" немесе "Тұпнұсқа" нысандарының 4 бағанында немесе СТ-1 нысанының 5 бағанында "сертификаттың орнына берілген" деген, сертификаттың жойылған күні мен нөмірі көрсетілген белгі жасалады (бұрынғы сертификаттың орнына берілген сертификатқа жаңа реттік нөмір беріледі).

35. Ресімделген сертификаттар тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды тіркейтін тізілімде өтініш берушінің қолы қойылған соң беріледі.

36. Сертификаттарды басқа шаруашылық субъектілерге беруге болмайды.

37. Сертификаттардың көшірмелері және оларды беруге негізделген құжаттар, уәкілетті мемлекеттік органдарда 3 жыл сақталады.

38. Талап етілмеген, дұрыс толтырылмаған және бұлінген сертификаттарды, тауардың шығу тегі туралы сертификат беруші уәкілетті мемлекеттік органның құжаттарды есептен шығару жөніндегі комиссиясы тиісті акт жасап жояды.

39. СТ-1 нысанды сертификат (4-қосымша) орыс тілінде толтырылады және сертификаттың бағандарында тауар туралы берілген мына мәліметтер көрсетіледі :

1) 1-бағанда - жөнелтуші/экспортшының атауы және поштасының мекен-жайы. Кәсіпорынның тіркелуі туралы куәлікке сәйкес жазуға рұқсат етіледі. Егер жөнелтуші мен экспортшы әр түрлі занды тұлға болса, онда жөнелтуші (атауы мен пошталық мекен-жайы) экспортшының "тапсырмасы бойынша" (атауы мен пошталық мекен-жайы) деп көрсету керек;

2) 2-бағанда - импортшы/алушының атауы, поштасының мекен-жайы. Егер жүк қабылдаушы мен импортшы әр түрлі занды тұлға болып табылған жағдайда алушы (атауы және пошталық адресі) импортшының (атауы және пошталық адресі) "тапсырмасы бойынша" әрекет етіп отырғандығын көрсету керек;

3) 3-бағанда - экспортқа шығарылған жүктің бағыты және транспорт түрі (қаншалықты белгілі болса);

4) 4-бағанда - тауардың шығу тегі туралы сертификаттың тіркелім нөмірі және сертификатты берген елдің атауы "Қазақстан Республикасы"; сертификат ұсынылатын, жүкті алушы елдің коды, атауы. Сертификаттың тіркелім нөмірінде

Мы на лар

## б о л а д ы :

Мысалы: KZ RU 1 646 00027, бұнда:

KZ - жөнелтуші елдің коды (Қазақстан Республикасы),

RU - арналған елдің коды (Ресей Федерациясы), елдердің коды МСТ 7.67-94  
байланысты                    латын                    әріптерімен                    таңбаланады,

1 - жылдың соңғы саны,

646 - сертификатты берген уәкілетті органның коды (10-қосымша),

00027 - сертификаттың тіркелім нөмірі;

5) 5-баған - қызметтік белгіге арналған қажетті мәліметтер. (Мысалы, "Кейіннен берілген", "Дубликат", "Сертификаттың орнына берілген", "ТМД кумуляциясы" немесе басқадай ресми сипаттамадағы ақпараттар);

6) 6-баган - реттік нөмірі;

7) 7-баған - тауар орнының саны және бұмасының түрі;

8) 8-баған - тауардың сипаттамасы, (СЭҚ ТН коды), экспорт шартының нөмірі және күні (лицензияның, рұқсатнаманың).

Егер сертификаттың бірінші бетін толтырған кезде орын болмай қалған жағдайда, белгіленген тәртіп бойынша толтырылатын (мөрімен, қолымен расталған және сертификат бланкісінің нөміріндегі реттік нөмірі бар) тауардың шығу тегі туралы (5-қосымша) сертификаттың тағы бір бланкісін қолдануға болады. Сертификаттың екінші бетін толтыруға болмайды;

9) 9-баган - килограммдағы немесе басқа өлшем бірлігіндегі брутто салмағы және нетто салмағы. Тауарды нақты саны мен сертификатта көрсетілген санның айырмашылығы 5% жоғары болмауы керек;

10) 10-баған - шот-фактураның немесе инвойстың нөмірі және күні (егер жүк темір жол транспортымен бір ғана жүк жөнелтушіден бір ғана жүкті қабылдаушыға ұзак мерзімді келісім-шартты жүзеге асыру кезінде келе жатса, графаларды толтырмауға болады).

11) 11-баған - куәландыру орны (ұйымның толық атапы және пошта адресі, телефоны), тауардың шығарылған жері туралы сертификатқа қол қоюға құқығы бар уәкілдегі тұлғаның аты-жөні және қолы, құжаттың ресімделген күні және уәкілдегі мемлекеттік органның мөрі;

12) 12-баған - тауар шыққан елдің атауы. (Мысалы, "Қазақстан Республикасы"), толтырылған орны және күні, өтініш берушінің аты-жөні, қолы және мәрі.

Кумулятивті принципті қолдану кезінде 5-бағанда СТ-1 нысанды сертификаттардың нөмірлері мен оларды берген ел көрсетіле отырып "ТМД КУМУЛЯЦИЯСЫ" енгізіледі.

Келісімнің қатысуышы-мемлекеттері шеңберінде тауар шыққан елдің СТ-1 нысанды сертификаттары болса, тауарды реэкспорттау кезінде ауыстырылған сертификаттарды беруге болады. Сонымен қатар, сертификаттың 5-бағанында "

Сертификат тауар шыққан елдің сертификатының негізінде берілді" деп (нөмірі мен күні көрсетіліп) белгіленеді.

Келісімнің қатысушы-мемлекеттері шеңберінде сол мемлекеттердің аумағында дайындалған және тауардың шыққан елін анықтау туралы 1993 жылдың 24 қыркүйегіндегі Ережесін енгізгенге дейін қатысушы-мемлекеттердің кедендей аумағына әкелінген тауарларды реэкспорттау кезінде 5-бағанда "Тауар \_\_\_\_\_ (елі) \_\_\_\_\_ жылы дайындалған" деп жазып, СТ-1 нысандасы тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге болады. Тауардың шыққан елі тауарды растайтын құжаттың негізінде көрсетіледі. Сертификатты Келісімнің кез-келген қатысушы-мемлекеттері тауарды дайындаушыны және оның орналасқан жерін көрсете отырып бере алады.

Сертификатқа түзету, қате ақпараттарды сызу және түзету енгізілген мәліметтердің сыртын баспамен жазу арқылы енгізіледі, сонынан уәкілетті мемлекеттік органның қолымен және мөрімен расталады.

40. Келісімнің бір қатысушы-мемлекеттерінің жеке тұлға резиденті тауарды алып шықса (енгізсе), онда СТ-1 нысанды сертификаты мына ерекшеліктердің есебімен толтырылады:

- 1) 1-баған - А.Ж.Ә., жүкті жөнелтушінің мекен-жайы;
- 2) 2-баған - А.Ж.Ә. болғанда - жүкті қабылдаушының мекен-жайы, сондай-ақ "Еркін айналым үшін" деген белгісі;
- 3) 5-баған және 10-баған - деректер болмаса толтырылмайды;
- 4) 12-баған - жүкті жөнелтушінің қолымен, жіберген күнімен расталады және жүкті жіберушінің А.Ж.Ә.

41. "А" нысанды сертификат (6-қосымша) өтінім берушінің өтінішіне сәйкес қатаң түрде, ағылшын тілінде толтырылады және онда мына мәліметтер болады:

- 1) жоғарғы оң жақтағы бағанда сертификатты берген ел "Қазақстан Республикасы" көрсетіледі ("Issued in the of Kazakhstan" және 39-тармақтың 4-тармақшасында берілген деректердей сертификаттың тіркелім нөмірі;
- 2) 1-баған - экспортшы елдің атауы, мекен-жайы;
- 3) 2-баған - импортшы елдің атауы, мекен-жайы;

Егер жүк үшінші елге жіберілетін болса, немесе жүкті алушы белгісіз болса, "жіберілуі бойынша" ("To oder") деп көрсетіледі.

4) 3-баған - экспортқа шығарылған жүктің жүру бағыты және транспорттың түрі (қашалықты белгілі болса);

Егер аккредитив немесе басқа құжаттардың шарттары толық сипаттауды талап етпесе, онда бағыттары көрсетіледі, мысалы, "Әуе жолымен" ("By air"), "Теңіз жолымен" ("By sea"), "Темір жолмен" ("By train").

Егер жүк үшінші ел арқылы тасымалданса, онда 3-бағанда, мысалы, "Алматыдан Лондонға дейін Москва арқылы әуе жолымен" ("By air from Almaty

to London through Moscow") .

5) 4-баған - ресми ақпараттарға арналған орын. Ол бағанда мынау жазылуы мүмкін: егер сертификат тауар жөнелтілгеннен кейін берілсе "Ретроспективті берілді" ("Issued retrospectively"), немесе дубликат берілсе "Дубликат" ("Duplicate") ;

6) 5-баған - әртүрлі тауарлар түрлерінің реттік нөмірлері;

7) 6-баған - тауар орнының саны және таңбасы (жөнелтілетін тауардың бұмасындағы нақты таңбасы мен нөмірлеріне сәйкес болуы керек);

8) 7-баған - тауардың атауы (СЭҚ ТН коды), тауарды сипаттау және бұманың типі, экспорт шартының нөмірі мен күні, лицензияның нөмірі мен күні (егер тауар лицензияланса) және (егер талап етілсе) рұқсаты;

9) 8-баған - тауардың шығу критерийі импортшы елдердің талаптарымен сәйкес толтырылады ;

10) 9-баған - бруттоның салмағы немесе басқа сандық сипаттамалар (мысалы, данасы, метрі және т.б.);

11) 10-баған - шот-фактура немесе инвойстың нөмірі және күні. Шот-фактураның немесе инвойстың берілген күні куәліктің берілген күнінен кеш болмайтын көрек.

Егер шот-фактура немесе инвойс келісім шарт және экспорттың шарт бойынша коносамент негізінде, немесе қабылдау актісі немесе аккредитив негізінде ресімделсе, бағанда "коносамент негізінде", "қабылдау-табыстау актісі негізінде", "аккредитивті" деп көрсетіледі;

12) 11-баған - тауардың шығарылған жері туралы сертификаттарға қол қоятын уәкілетті органның қолы, куәландырылған жерін көрсете отырып құжаттың ресімделген күні және уәкілетті мемлекеттік органның мөрі (пошталық мекен - жайы) ;

13) 12-баған - тауардың шығарылған жері туралы сертификатты ресімдеу үшін Сараптау актісіне сәйкес тауардың шыққан елі және тауарды импортқа шығарушы ел, толтырылған жері мен күнін көрсете отырып өтініш берушінің қолы және мөрі көрсетіледі.

Импортшы-елдің талабы бойынша "A" нысанды сертификатта басқа мәліметтер болуы мүмкін (тауардың құны). Сертификатқа қосымша мәліметтерді енгізу келісімде, шартта немесе басқа құқықтық құжаттарда айтылуы керек.

42. "Тұпнұсқа" нысандағы сертификат ағылшын немесе орыс тілінде (келісім немесе шартта қалай көзделгендігіне байланысты) құжат нысанына тікелей сәйкестікте толтырылады (7 және 8-қосымшалар):

1) жоғары оң жақтағы бағанда сертификатты берген ел "Қазақстан Республикасында берілді" ("Issued in the Republic of Kazakhstan") және 39-тармақтың 4-тармақшасында көрсетілген деректердей сертификаттың тіркелім

н о м і р і

көрсетіледі;

- 2) 1-бағанда - жөнелтуші елдің мекен-жайы, атауы;
- 3) 2-бағанда - алушы елдің мекен-жайы, атауы.

Егер жүк үшінші елге жөнелтілетін болса, немесе жүкті алушы белгісіз болса, "Бағыттап жіберуі бойынша" ("To oder") деп көрсетіледі;

4) 3-бағанда - экспорт жүгін алып жүру бағыты (қаншалықты белгілі болса) және транспорт түрі.

Егер аккредитивтің немесе басқа құжаттардың шарты егжей-тегжейін толық талап етпесе, онда бағыты көрсетіледі, мысалы, "Әуе жолымен" ("By air"), "Теңіз жолымен" ("By sea").

Егер жүк үшінші ел арқылы тасымалданса, онда 3-бағанда, мысалы, "Алматыдан Лондонға дейін Москва арқылы әуе жолымен" ("By air from Almaty to London through Moscow");

5) 4-бағанда - ресми ақпараттарға арналған орын. Бұл бағанда егер сертификат тауарды жөнелткеннен кейін берілсе "Ретроспективті берілді" ("Issued retrospectively"), немесе дубликат берілген жағдайда "Дубликат" ("Duplicate") деп жазылады;

6) 5-бағанда - тауар шыққан ел (Қазақстан Республикасы);

7) 6-бағанда - экспорт шартына (келісім-шартына) сәйкес қосымша мәліметтер;

8) 7-бағанда - реттік номірі;

9) 8-бағанда - тауарды сипаттау (СЭҚ ТН коды), лицензияның, рұқсат құжатының номірі және берілген күні (егер талап етілсе), экспорт шартының (келісім-шартының) номірі және күні;

10) 9-бағанда - орын саны және бума түрі;

11) 10-бағанда - жалпы салмағы немесе басқа саны;

12) 11-бағанда - тауардың шығу тегі туралы сертификатқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы, куәландырылған орнын көрсете отырып (пошталық мекен-жайы), уәкілетті мемлекеттік органның мөрі және құжаттың ресімделген күні;

13) 12-бағанда - тауарды шығарушы ел, толтырылған орны мен күнін көрсете отырып, өтініш берушінің қолы және мөрі көрсетіледі.

## 5. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттың дубликатын беру

43. Тауардың шығу тегі туралы сертификат ұрланған, жоғалған немесе жойылған жағдайда, өтініш беруші сертификат берген уәкілетті мемлекеттік органға, өздерінде бар экспорттық құжаттардың негізінде, сертификаттың дубликатын жазып беру туралы жазбаша өтініш береді. Берілген дубликаттың номірі түпнұсқаның номірімен сәйкес болады. А нысанды сертификатта 4-

бағанда "Тұпнұсқа", немесе СТ-1 нысанды сертификатта 5-бағанда "Дубликат" ("Duplicate") деп жазылады және тұпнұсқаның реттік нөмірі және берілген күні жазылады, 11-бағанда дубликаттың берілген күні көрсетіледі.

44. Сертификаттың дубликаты тұпнұсқасының берілген күнінен бастап күшіне енеді және тұпнұсқа мен дубликат жиынтығының мерзімі 12 айдан аспауы

ке рек.

6. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты кейіннен (ретроспективті) беру

45. Тауардың шығу тегі туралы сертификат тауарды экспортқа шығарғаннан соң, мынадай төтенше жағдайларда берілуі мүмкін:

- 1) экспортты жүзеге асырған сәтте сертификат, кездейсоқ қателік үшін немесе басқа ерекше жағдайларда берілмесе;
- 2) кеден органы шығу тегі туралы сертификаттың берілгендейгін, бірақ импорт кезінде техникалық себептер бойынша қабылданбағанын көрсетсе.

46. Уәкілетті мемлекеттік орган өтініш берушінің өтінішіндегі мәліметтердің тиісті экспорттық құжаттардағы мәліметтермен сәйкестігін және осы тауар экспортқа шығарылғанда тауардың шыққан жері туралы сертификат берілгендейгін тексергеннен кейін ғана сертификатты кейіннен (ретроспективті) береді.

Кейіннен (ретроспективті) берілетін тауардың шығу тегі туралы сертификат сараптау Актісі негізінде ресімделеді. Сонымен қатар тапсырыс беруші сараптау ұйымына тауардың нақты жөнелтілгенін растайтын, осы нұсқаудың 22-тармағымен қаралған құжаттар пакетін тапсырады (кеден белгісімен экспорттық декларацияны).

47. Тауардың шыққан жері туралы кейіннен (ретроспективті) берілетін сертификат, "А" нысанды сертификатта 4-бағанда "Тұпнұсқа", немесе СТ-1 нысанды сертификатта 5-бағанда "Кейіннен берілді" ("Issued retroactively") деген жазу болуы

ке рек.

7. "Тауардың шығу тегі туралы актіні" ресімдеудің тәртібі

48. Қазақстанда шығарылмаған тауарларды "Тауардың шығу тегі туралы актімен" (9-қосымша) расталады, ол 22-тармаққа және 27-тармаққа сәйкес өтініш берушінің өтініші мен ұсынған құжаттарының негізінде жасалады.

49. Тауардың шығу тегі туралы актіге ұйымның сараптауды жүргізуге уәкілетті сараптаушысы және өтініш беруші, уәкілетті тұлға қол қояды, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік орган мен өтініш берушінің, сараптау

ұйымының

мөрлөрімен

расталады.

50. Тауардың шығу тегі туралы акт үш дана жасалады, бір данасы өтініш берушінің қолы "Тауардың шығу тегі туралы актіні есепке алатын тізілімде" қойылған соң өзіне беріледі, екіншісі уәкілетті мемлекеттік органда қалады, ал үшіншісі сараптау жүргізуге уәкілетті ұйымда қалады.

8. Тауардың шығу тегі туралы құжатты беруден бас тартуға негіздеме

51. Уәкілетті мемлекеттік орган және сараптау жүргізуге уәкілетті ұйым өтініш берушіге тауардың шығу тегі туралы құжатты (сертификатты немесе тауардың шығу тегі туралы актіні, немесе тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеуге арналған сараптау актісін) бермеуге мына жағдайларды негізге ала отырып бас тартады, егер:

- 1) мәлімделген тауар, ұсынылған құжатқа сәйкес келмесе;
- 2) өтініш беруші ұсынған құжаттарының дұрыстығын дәлелдей алмаса;
- 3) ұсынылған құжаттар осы нұсқаулықтың және қолданыстағы нормативтік актілердің талабына сәйкес келмесе;
- 4) егер өтініш беруші тауарды сараптау және оны ұқсастыру жұмыстарын жүргізуге арналған шартты қамтамасыз етпесе.

52. Тауардың шығу тегі туралы құжатты беруден бас тарту, еркін түрде жазылып, себебі көрсетіліп, өтініш берушіге беріледі.

9. Уәкілетті мемлекеттік органның, тауардың шығу тегіне сараптау жүргізуге уәкілетті ұйымның құқы.

53. Уәкілетті мемлекеттік органның мынадай:

1) өтініш беруші ұсынған құжаттардың мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аудармасын талап етуге (аударма белгіленген тәртіп бойынша расталған болуы к е р е к ) ;

2) қажет болған жағдайда, ресімделген сараптау Актісі негізінде, жай іріктеліп жасалған тексерулерді қоса алып өз құзыретінің шегінде жүргізілген сараптаудың дұрыстығын (соның ішінде тауардың сәйкестендіруінә қатысуға) және толықтығын тексеруді жүзеге асыруға құқықтары бар.

54. Тауардың шығу тегін сараптау жөніндегі уәкілетті ұйымның мынадай:

1) өтініш беруші ұсынған құжаттардың мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аудармасын талап етуге (аударма белгіленген тәртіп бойынша расталған болуы к е р е к ) ;

2) Өтініш берушіден уәкілетті мемлекеттік орган тізбесін бекітетін тауардың шығу тегін растайтын кез-келген қосымша құжаттарды сұрауға құқықтары бар.

## 55. Өтініш берушінің мұнадай:

1) өзінің қарауы бойынша тауарлардың шығу тегіне сараптау жүргізу жөнінде тауарлардың шығу тегіне сараптау жүргізуге уәкілетті ұйымдардың кез-келгеніне  
өтінім б е р у г е ;

2) сараптық тұжырымдамамен келіспеген жағдайда уәкілетті мемлекеттік  
органға шағым жасауға ;

3) уәкілетті мемлекеттік органға тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттың дубликатын алу үшін өтінуге ;

4) алдын-ала қаралған заңнамаларға сәйкес, уәкілетті мемлекеттік органға тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты кейін (ретроспективті) алу жөнінде өтінім жасауға құқықтары бар .

10. Уәкілетті мемлекеттік органның, тауарлардың шығу тегіне сараптау жүргізуге уәкілетті ұйымның және өтініш берушінің жауапкершілігі

56. Уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттар мен актілердің ресімделуінің уақытылылығы мен дұрыстығына, алынған ақпараттың құпиялығына жаупаты .

57. Тауарлардың шығу тегіне сараптау жүргізуге уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттар мен актілердің уақытылылығына, дұрыстығына, толықтығына және тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты сараптау актісінің ресімделуіне, алынған ақпараттың құпиялылығына жаупаты.

58. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес тауарлардың шығу тегі туралы ұсынған мәліметтері мен материалдарының дұрыстығына және толықтығына жауап береді.

59. Тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттарды сараптау және ресімдеу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган мен өтініш берушінің арасында келіспеушілік туған жағдайда, дау мәселелері заңнамада белгіленген тәртіп бойынша шешіледі .

"Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және жауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бүйрүғына 1-қосымша

Тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу үшін N \_\_\_\_\_  
САРАПТАУ АКТИСІ 1. Сараптаушы \_\_\_\_\_ 2. Актінің жасалған күні \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 3. Сараптауды жүргізу үшін негіздеме \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 4. Тауардың атауы \_\_\_\_\_

5. Саны \_\_\_\_\_ ( орны, брутто және нетто салмағы, данасы, жиынтығы, м, көлемі) 6. Өзара шарт \_\_\_\_\_

Инвойс \_\_\_\_\_ 7. Экспортшы \_\_\_\_\_

8. Дайындаушы \_\_\_\_\_

9. Сатып алушы, елі \_\_\_\_\_

10. Транспорт құралдары \_\_\_\_\_ жүру бағыты \_\_\_\_\_

11. Бума түрі, таңбасы \_\_\_\_\_

12. Ұсынылған құжаттама \_\_\_\_\_

Тауардың шығу тегін сараптау актісінің екінші беті N \_\_\_\_\_

13. Сараптау бойынша белгіленді \_\_\_\_\_

14. \_\_\_\_\_  
беттегі Қосымша осы актінің бөлінбейтін бөлігі болып табылады. 15. Қорытынды : жоғарыда айтылғандардың негізінде \_\_\_\_\_

тауар сараланып, осы актінің 5 тармағында көрсетілгендей санда шыгарылған СЭҚ ТН бойынша өнімнің коды \_\_\_\_\_ Шығу критерий \_\_\_\_\_

Сараптаушының қолы \_\_\_\_\_ Өкіл танысты \_\_\_\_\_  
М.О. Т.а.ә. қолы Сараптау басталған күн \_\_\_\_\_ Сараптау  
аяқталған күн \_\_\_\_\_ М.О. 200\_ ж. \_\_\_\_\_

Тауардың шығу тегі туралы сертификатты және оның көшірмесін ресімдеу үшін сарапшының қолы мен мөр бедерлемесінің түпнұсқасыз сараптау актісі ресімделмейді. "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Тәрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығына 2-қосымша Өтінім үлгісінің нысаны \_\_\_\_\_

( сараптау жүргізуге уәкілетті ұйымның атавы) Директоры \_\_\_\_\_ ( т.а.ә.) Өтінім N 200\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_ Төмендегі деректемелердің негізінде тауардың шығу тегі туралы \_\_\_\_\_ тілінде сертификат берулерінізді сұраймыз: 1.

Тауарды жөнелтуші, оның мекен-жайы, телефоны, факсы \_\_\_\_\_ 2. Тауарды алушы, мекен-жайы, елі \_\_\_\_\_ 3. Тауарды дайындаушы, оның мекен-жайы, елі (тауардың шыққан жерін растайтын шарттың N, жүккүжаттардың, шот-фактураның және басқа қүжаттардың көшірмелері) \_\_\_\_\_

4. Экспорттық өзара шарт (шарт), оның күні \_\_\_\_\_

5. Жөнелту стансасы (пункті)

6. Жеткізу стансасы (пункті) \_\_\_\_\_

7. Транспорттың түрі және саны \_\_\_\_\_

8. Инвойс (шот-фактура), N, күні \_\_\_\_\_

9. Экспортқа шығаруға рұқсат және/немесе лицензия \_\_\_\_\_

10. Мәміле сипаты: сату, баспа-бас айырбастау, консигнация \_\_\_\_\_

11. Тауардың нақты атавы \_\_\_\_\_ 12.

Брутто/нетто салмағы, кг \_\_\_\_\_ 13. Тауар орнының саны және бума түрлері \_\_\_\_\_ 14. Тауардағы және тауар бumasындағы таңба \_\_\_\_\_ 15. Тауардың теңгелік құны \_\_\_\_\_ 16. Банк бөлімі,

есеп айырысу шоты \_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_ 17. Өтінім берушінің  
телефон N \_\_\_\_\_ 18. Басшының А.Т.Ә.  
Ақысымен төлеуге  
кеңілдік береміз. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес осы  
өтінімнің толтырылуының және ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін жауап  
береміз. М.О. Басшының қолы "Қазақстан Республикасынан әкетілетін  
тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің  
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының  
2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығына З-қосымша Өтінім үлгісінің  
нысаны \_\_\_\_\_

(министрліктің, ведомствоның атауы) \_\_\_\_\_ облысы  
бойынша мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқарманың бастығы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (т.а.ә.) Өтінім N 200\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ Тауардың шығу тегі  
туралы сертификатты дайындауға арналған \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берілген (тауардың шығу тегі туралы  
сараптауды жүргізуге уәкілдті ұйымның атауы) 200\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N  
\_\_\_\_\_  
— Сараптау актісі мен төмендегі деректер негізінде \_\_\_\_\_ тілінде тауардың  
шығу тегі туралы сертификат берулерінізді сұраймыз: 1. Тауарды жөнелтуші,  
оның мекен-жайы, телефоны, факсы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 2. Тауарды алушы, мекен-жайы,  
елі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 3. Тауардың атауы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 4. Брутто/нетто салмағы, кг \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 5. Тауар орнының саны және бума түрлері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 6. Жөнелту стансасы (пункті) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 7. Жеткізу стансасы (пункті) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 8. Транспорттың түрі және саны \_\_\_\_\_ 9.  
Экспортқа шығаруға рұқсат және/немесе лицензия \_\_\_\_\_ 10.  
Тауардың тенгелік құны \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 11. Банк  
бөлімі, есеп айырысу шоты \_\_\_\_\_ 12. Өтінім  
берушінің СТН \_\_\_\_\_ 13. Басшының  
А.Т.Ә., телефон N \_\_\_\_\_ Қазақстан  
Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес осы өтінімнің дұрыс толтырылуы

және ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін жауап береміз. М.О. Басшының қолы "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығына 4-қосымша РҚАО-ның ескертуі: 4-қосымшаның қазақша үлгісі болмағандықтан орыс мәтіннен қараңыз. "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығына 5-қосымша РҚАО-ның ескертуі: 5-қосымшаның қазақша үлгісі болмағандықтан орыс мәтіннен қараңыз. "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығына 6-қосымша РҚАО-ның ескертуі: 6-қосымша ағылшын тілінде, оны қағаз мәтіннен қараңыз. "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығына 7-қосымша РҚАО-ның ескертуі: 7-қосымша ағылшын тілінде, оны қағаз мәтіннен қараңыз. "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығына 8-қосымша РҚАО-ның ескертуі: 8-қосымшаның қазақша үлгісі болмағандықтан орыс мәтіннен қараңыз. "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бұйрығына 9-қосымша Тауардың шығу тегі туралы актінің нысаны \_\_\_\_\_

(министрліктің, ведомствоның атавы) \_\_\_\_\_

(уәкілдегі мемлекеттік органның атавы) \_\_\_\_\_

(пошталық мекен-жайы) (телефоны)

ТАУАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ АКТІ N 1. Дайындаушы \_\_\_\_\_

2. Сатушы (экспортшы) \_\_\_\_\_

3. Сатып алушы (импортшы) \_\_\_\_\_

4. Өзара шарт N \_\_\_\_\_ Мәміле түрі \_\_\_\_\_

5. Сараптаудың міндеттері: тауардың шыққан елін анықтау, СЭҚ ТН коды \_\_\_\_\_

6. Тауардың атаяу \_\_\_\_\_

7. Брутто, нетто салмағы, орын саны (кг, дана) \_\_\_\_\_

8. Бума түрі, орын саны \_\_\_\_\_ 9.

Транспорт, саны, жүру бағыты \_\_\_\_\_ 10.

Ұсынылған құжаттамалар \_\_\_\_\_ 11.

Сараптау бойынша белгіленді \_\_\_\_\_

12.

Сараптаушының қорытындысы: ЖПЖ (жалпы пұрсаттылық жүйесі) ережесінің талаптарына сәйкес және жоғарыда жазылғандардың негізінде, тауар мына санда

осы актінің 7-тармағында

көрсетілгендей, \_\_\_\_\_ нақты куәландырылады (

тауар шыққан елді көрсету) 13. Сарапшы 14. Актімен таныстырылды \_\_\_\_\_

(т.а.ә., қолы) (өтінішкердің т.а.ә.,

лауазымы) Мөр орны Сараптаудың басталған күні Сараптаудың аяқталған күні \_\_\_\_\_

15. Уәкілетті тұлға \_\_\_\_\_

(

қызыметі, т.а.ә., қолы) Мөр орны Тауардың шығу тегі жөніндегі акті мен оның көшірмесі уәкілетті адамның түпнұсқалы қолымен және мөр бедерлемесімен

расталмаса - ол өз күшінде емес. "Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы"

Қазақстан Республикасының Экономика және және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 7 қыркүйектегі N 322-а бүйріғына 10-қосымша Қазақстан

Республикасында тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды беру және куәландау жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органдар кодтарының (сандық шартты белгілерінің) тізбесі 1. Ақмола қаласы бойынша Астана қ. 658 2. Ақмола

облысы бойынша Көкшетау қ. 652 3. Ақтөбе облысы бойынша Ақтөбе қ. 645 4. Алматы облысы бойынша Талдықорған қ. 660 5. Алматы қаласы бойынша Алматы қ. 646 6. Атырау облысы бойынша Атырау қ. 648 7. Шығыс Қазақстан

облысы Өскемен қ. 647 бойынша: 8. Семей қ. 656 9. Жамбыл облысы бойынша Тараз қ. 649 10. Батыс Қазақстан облысы Орал қ. 657 бойынша 11. Қарағанды облысы бойынша Қарағанды қ. 650 12. Жезқазған қ. 662 13. Қызылорда облысы бойынша Қызылорда қ. 651 14. Қостанай облысы бойынша: Қостанай қ. 653 15. Арқалық қ. 661 16. Маңғыстау облысы бойынша Ақтау қ. 663 17. Павлодар облысы бойынша Павлодар қ. 654 18. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Петропавловск қ. 655 19. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Шымкент қ. 659

Мамандар:           Икебаева           А.Ж.           Шарипова           М.Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК